

ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУДЕ ИІС ІЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Заманауи жоғары білімді жаңа сапалы деңгейге көшіруге қатысты еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевпен қойылған міндет білім беру үдерісін дамытудың жаңа инновациялық жолын іздеумен шартталған. Тергеу және криминалистикалық бөлімшелердің білікті мамандарын дайындаудың басымды бағыты болып оқытудың бейімділігін күшейту табылып, оған Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі де ерекше көңіл аударып отыр. Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралары туралы Елбасының Жарлығына сәйкес, қылмыстың алдын алу, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың, құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қылмыс жасауға және құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтаудың қазіргі заманғы әдістерін көздей отырып, құқық бұзушылықтар профилактикасының салалық және өңірлік бағдарламалары қабылданып, құқық қорғау органдары мен соттар қызметінің қолжетімділігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметіне инновациялық технологияларға негізделген озық әлемдік тәжірибені енгізу қамтамасыз етілу керек.

Тергеу үстінде байқалатын әрқилы ситуациялық жағдайларға байланысты криминалистикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың негізгі мақсаты, ол қылмыскердің қылмыстың ашылуына кедергі жасау үшін қолданып отырған айла-әрекеттерін әшкерелеп, іс бойынша объективті дәлелдемелер жинау болып табылады¹. Айналада болған өзгерістердің бәрін негізге ала отырып, оқиға болған жерді қарау үстінде тергеуші инновациялық технологияларға негізделген озық тәжірибені пайдалана отырып оқиғаның қалай болғанын, оның механизмі жөнінде белгілі бір болжамдар жасап, осы қылмысқа қатысты әртүрлі іздерді, айғақ заттарды, сондай-ақ өте құнды деректерді тауып алып, оларды дәлелдеме ретінде пайдаланады.

Адам баласы айналадағы заттармен тікелей қарым-қатынасқа түскенде, олардың үстінде иіс іздері қалатыны бәрімізге мәлім. Мұндай іздер тірі ағза клеткаларынан бөлінетін тұрақты өнім, яғни иісті заттардың күрделі қоспасы болып есептеледі. Зат үстіндегі иіс іздерінің шекарасы қолданылатын биодетектормен иісті қабылдауына жеткілікті иісті заттардың шоғырлануымен анықталады.

Адам иіс іздерінің криминалистикалық мағынасы қомақты ақпараттық мөлшермен байқалып, ол оқиға болған жерден алынған иісті ақпаратты идентификациялық және диагностикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Адам иіс іздерінің құрамы біріншіден, ағзаның дара тұқым қуалаушылығымен, яғни субъектіні даралайтын, оны биологиялық түр ретінде сипаттайтын, жынысы мен жасын көрсететін заттар жиынтығымен көзге түседі. Екіншіден, иіс іздерінің үнемі болып тұратын адам өмірінің сыртқы және ішкі өзгерістерін байқататындай мүмкіндігі, мәселен, пайдаланатын заттардан, тағамнан, дәрі-дәрмек, әтірден, үй жануарларынан, басқа адамдар иістерінің жабысуынан пайда болған иісті шоғырламалар. Адамды иіс арқылы даралаушы қайнар көзге тер және қанды жатқызуға болады. Субъект туралы иістік ақпарат көбіне жедел іздестіру шаралары, тергеулік қарау және тексерілуге тиіс адамнан салыстырмалы иістік үлгілерді алу кезінде пайда болады.

Адам иіс іздерін тасымалдаушы объектілер және ол иісті сақтап тұру мерзімі:

Иіс ізін тасымалдаушы объект	Иіс ізін сақтап тұру мерзімі
қан (оның ішінде кепкен қан дақтары), шаш іздері	бірнеше айдан бірнеше жылға дейін
қолданыстағы жеке заттар (тарак, күнделік кітапшасы және т. б.)	бірнеше күннен бірнеше айға дейін
тер сіңген киім-кешек және аяқ киім	бірнеше күннен бірнеше айға дейін

адаммен 30 минуттан кем емес уақыт аралығында қарым-қатынаста болған заттар (жіп, қарудың сабы, сөмке, орындық)	үш күнге дейін
адам денесімен бір минуттық қарым-қатынаста болған заттар	бір-екі сағатқа дейін
жер қыртысында және қардың үстіндегі іздер	бірнеше сағаттан тәулікке дейін

Қазіргі кезде адам немесе жануар иіс іздерін талдауға қажетті сезімтал әрі жеткілікті түрде сұрыптаушы техникалық құрылғылардың әлі де болса дамымай жатқаны байқалуда. Сол себептен мұндай іздерді зерттеудегі аспап және құрал ретінде арнайы үйретілген иістерді ажыратушы иттер мен одорологиялық объектілердің көмектесуші жиынтықтары пайдаланылады. Аталмыш объектілер шешілетін міндеттеріне қарай, зерттелетін иістік белгілерді есепке ала отырып тандалады.

Одорологиялық талдауда ажыратушы ит таным құралы ретінде пайдаланылады. Осыған орай, В. А. Снетковтың пікірінше, иттің мінез-құлықтық белгілері арнайы бақылау құралдарын талап етеді, сол себептен ол бір мезетте зерттеу объектісі табылады². Әдістемелік талаптарды сақтау, иттердің осыған орай әрекеттерін салыстыру үшін арнайы тандап алынған иіс объектілері көмегімен тестілеу арқылы биодетекторлар белгілеріндегі заңдылықтар мен шыңайлықтарға қол жеткізуге болады. Қазіргі кезде адам иіс іздерін зерттеуде ажыратушы ит көмегін пайдалану өзінің оң нәтижесін беруде. Тәжірибеде биодетектор ретінде итті тандау оның жылдам есте сақтап қалу мүмкіндігімен және адам мен барлық жануарлар тобының иістерін жоғары сезімталдықпен ажыратумен түсіндіріледі. Жаңа ғылыми жетістіктер, заманауи әдістемелік қамтамасыздық көп жылдар бойы даулы мәселеге айналған сұрақтардың шешімін тауып отыр. Субъектінің иіс іздерінің материалды болуы, жеке даралығы, иіс арқылы анықтаудағы сенімділік, одорологиялық зерттеу барысында адам ар-ожданына нұқсан келтірмейтін тәсілдердің белгілі бір тәртіпке келуі, кедергі келтіруші иістерге және детектор-иттердің функционалдық қалпына бақылау орнату сияқты ережелер қазіргі кезде оппоненттерде ешбір күмән туғызбайды. Мысалы, кедергі келтіруші жағымсыз иістерді жою мақсатында әтір, дәрі, жанармай тәрізді кедергілер алдын ала дайындалған мата қималарына жағылып, салыстыруға жататын әрбір объектіге қосылады. Иттер мұндай жалпы қосындыларға мән бермейді.

Жалпы алғанда одорологиялық әдісті тиімді қолдану кепілі иттерден айқын, ұдайы және балама белгі алуда жатыр. Ол үшін иттерден қабылданатын белгілердің дұрыстығына бақылау орнатудың үш жүйесі қолданылады:

- әртүрлі (он) белгілі объектілер арасында орны ауыстырылған түпнұсқалық сынаманы бірнеше рет тандауға статистикалық бақылау орнатылады;
- детектор-иттердің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі;
- қолданбалы және химиялық талдауларда қабылданған бақылау эталонымен нәтиженің дұрыстығына бақылау орнату принципі қолданылады: арнайы дайындалған көшірме нұсқаны (бақылау эталонын) анықтау үшін қолданылған иттің функционалдық жағдайын және көңіл-күйін тексереді.

Арнайы дайындалған иттер бар болған кезде, сараптамаға мынадай мәселелерді шешу жүктелуі мүмкін:

1. Ұсынылған заттарда (немесе алынған үлгілерде) адам иіс іздері бар ма?
2. Иіс іздері бір немесе бірнеше адамдармен қалдырылған ба?
3. Бұл іздер қай жыныстағы адаммен қалдырылған?
4. Аталмыш иіс іздері қандай жастағы (бала, орта, қарт жастағы) адаммен қалдырылған?
5. Алынған қан іздерінде, шаш үстінде осы адамның өзіне ғана тән жеке иісі бар ма?
6. Ұсынылған заттардағы (қандай да бір заттың бөлігіндегі) иіс іздері нақты бір адамдікі ме?
7. Тексерілуге тиіс адамның иіс іздері ұсынылған заттардың қайсысында орын алған?
8. Ұсынылған заттардағы иіс іздері тексеріліп жатқан адамдардың қайсысымен қалдырылған?

Бастапқы төрт сұраққа берген жауаптың диагностикалық мағынасы бар, олардың көмегімен әртүрлі болжамдар құрып, тексеруге және қылмысқа қатысы бар адамдар шеңберін азайтуға мүмкіндік береді. Келесі сұрақтардың жауабы иіс іздерінің нақты адамдардан пайда болғанын анықтауға көмектеседі, сондай-ақ қылмыс оқиғасына қатысы жоқ адамдардың иіс іздерін ажыратуға бағытталған.

Зертханалық одорологиялық зерттеу көбіне адам іздерінен жинап алынған иістік үлгілерді идентификациялық талдаудан өткізу арқылы іске асырылады. Мұндай талдау күдікті немесе қылмысқа қатысы бар басқа да адамдар бар болып, олардан салыстыруға қажет иістік үлгілер алынғанда ғана

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

мүмкін. Алайда, аталмыш адамдар шеңбері әдетте біраз уақыт өткен соң анықталады, соның салдарынан иіс іздері айналаға тарап кетеді, егер де оларды сақтайтындай шара қолданылмаған болса.

Одорология жетістіктері Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметіне кеңінен енгізілуде. Қазіргі кезде одорологиялық зертханалар Астана, Алматы қалалық Ішкі істер Департаментінде, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай ОІД жедел-криминалистикалық басқармаларында құрылып, оның мамандарымен өткен жылы 96 зерттеу жүргізілді, ал одорологиялық мәліметтер қоры бойынша тексеріс дұрыс нәтиже беріп, 201 қылмыстың ашылуына себеп болды.

Осылайша, криминалистикалық одорологияның иіс іздері бойынша адамның диагностикалық сипатын анықтаудағы мүмкіндіктері тергеудегі қылмысқа қатысы бар адамдарды анықтауда пайдаланылатын мәліметтерді алудағы жаңа бастамаларды көрсетіп отыр. Жынысы мен жасын анықтаушы белгілерін, топтық иелігін, бірнеше адамдардан пайда болған иіс іздерін ажыратуға қатысты әдістемелер арқылы адам иіс іздерінің табиғатын зерделеудегі келесі қадам жасалып, осымен криминалистикалық одорологияның гносеологиялық маңыздылығы байқалып отыр.

- ¹ Криминалистика: Оқулық / Проф. Е. Ғ. Жәкішевтің редакциясымен басылған. — Алматы, 2006. — 239-6.
- ² Снетков В. А. Кинологическая выборка: Использование консервированного запаха в раскрытии краж и преступлений против личности. — Рига, 1984. — С. 11.

Резюме

В статье раскрываются некоторые вопросы исследования запаховых следов человека как источников получения доказательной информации, при расследовании и раскрытии преступлений.

Resume

This article describes some of the scientific questions about the study of human olfactory signs as a source of evidence about the results of research and their role in the investigation and solution of crimes.